

## Тарихымыз тамырлас, мәдениетіміз үндес

Әзербайжан мен Қазақстанның саяси қарым-қатынасы, мәдени байланысы туралы сөз етпес бұрын, оның 90 жылдардағы қалыптасу тарихына аз-кем тоқтала кеткен жөн. Қазақстан Тәуелсіздік алған соң Әзербайжан елі алғашқы посткеңестік түркі тілдес республика ішінен екі жақтық саяси қатынасты орнатуға (Қазақстан КСР Жоғарғы Кеңесі 1991 жылы 25 қазанда «Мемлекеттік Егемендік» туралы декларация қабылдады, ал 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Президенті Тәуелсіздік туралы Жарлыққа қол қойды) қол жеткізді.

Екі бауырлас мемлекеттер арасындағы тікелей тәуелсіз қатынастардың құрылуы Кеңес Одағы кезеңіне қатысты. 1991 жылы 30 қыркүйек – 2 қазанда Әзербайжан КСР өкілдік органы ресми сапармен Қазақстанға келді. Сапар мақсаты жаңа тарихи кезеңге байланысты халықарлық қарым-қатынастарды сақтап қана қоймай, жаңаша құрып, одан әрі дамыту болды. (Осы мақсатпен) келіссөз қорытындысы негізінде «Қазақстан және Әзербайжан арасындағы ынтымақтастық пен көршілік

достығы туралы» екіжақты шартқа, екі мемлекет арасындағы сауда-экономикалық қатынас принциптері жөнінде келісімге қол қойылды.

90-жылдардың басында Қазақстан Әзербайжан тәуелсіздігін мойындады және 1992 жылдың 27 тамызында дипломатиялық қатынас жолға қойылды. Ал 1993 жылы Әзербайжан Қазақстан елшілігі құрылды. Нағыз барыс-келіс пен арадағы алыс-беріс, яғни екі мемлекеттің өзара ынтымақтастықты құру мен дамуы Елбасымыз Н.Назарбаевтың 1996 жылы Әзербайжанға осы ресми сапарынан басталды. Екі мемлекет басшыларының кездесуінде кәсіпорындар арасындағы экономикалық байланысты кеңейту, мәдени қатынасты дамыту бойынша мәселелер талқыланып, маңызды құжаттарға қол қойылды.

Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы халықаралық қатынастардың қайсысын алып қарасаңыз да тарихи құжат: стратегиялық маңыздылығы мен белгілі бір мерзімде нақты міндеттер мен мәселелердің шешілуін қамтамасыз етуге бағытталған. Ал екі ел арасындағы сауда-экономикалық жағдайға келсек, Қазақстан мен Әзербайжан бірінші жарты жылдықта тауар айналымын 40%-ға арттырды. Әзербайжан Республикасы Мемлекеттік кедендік комитет мәліметтерінде көрсетілгендей, бірінші жарты жылдықтағы екі ел арасындағы тауар айналымы 37,65 %-ға артқан.

Осы жылдың қаңтар-шілде айларында екі ел арасындағы тауар айналымының көлемі 2015 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 51 млн. 947,40 мыңның орнына 71 млн. 505,61 мыңды құрады. Әзербайжандық өнімнің ҚР-на экспорты қорытынды кезеңде 35,39 %-ға, яғни 7 млн. 657,80

*Халықаралық Түркі Академиясы. Астана қ.*



*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Астана қ.*



мың долларға, ал импорт 37,93%-ға артты.

Тағы бір мәселе, Әзербайжан мен қазақ халқының тарихи-мәдени байланысы. Бұл тым әріден, ауыз әдебиетінің қайнар көзінен басталады. Өйткені, екі елдің тарихы тамырлас, тілі мен мәдениеті үндес. Әзербайжан халықтық-поэтикалық шығармашылығы мен фольклорының көрші шығыс халықтарымен, оның ішінде қазақ халқы поэзиясымен үндесіп жатыр. Оған «Алпамыс», «Қорқыт», «Көрұғлы», «Едіге», т.б. жырларының өзбекте де, әзербайжанда да, қазақта да және түркі тілдес халықтарда бар екені дәлел.

Географиялық орнының алшақтығына қарамастан Әзербайжан, қазақ халқы мәдениеті мен ғылымы идеялық бағыттастығымен де бір-біріне жақындай түседі. Екі ел ақын-жазушыларының шығармашылық байланыстары: олардың өзара хат алысулары мен шығармашылық достығы, өзара тәжірибе алмасуы, әртүрлі конференция, симпозиум, съездерге қатысып, кездесу және басқадай байланыстар арадағы барыс-келіс пен алыс-берісті жақындата түсті. Бүгінде екі елде де ақын-жазушылар мен қоғам қайраткерлерінің мерейтойларын атап өту дәстүрге айналған және екі елдің мәдениет күндерінің өткізіліп тұруы да мәдениет саласындағы ынтымақтастықты одан әрі арттыруға ықпал етеді. Бұған Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы дипломатиялық байланыстың 25 жылдығына орай өткен ауқымды шараларды айтуға болады. Ал достықтағы дәнекер екі ел басшылары. Сондықтанда болар, Әзербайжанда

Абай орталығы, біздің Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Гейдар Әлиев кабинеті жұмыс істейді.

Бүгінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен 1996 жылғы мамыр айында құрылған Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті халықаралық деңгейлі заманауи жоғары оқу орны болып саналады.

Әрине, кез-келген ұлттың дамып, өркендеуі үшін алдымен білім беру мәселесін шешу қажет. Өйткені, тек қана білім беру жүйесін күшейту арқылы ғана мемлекет өрге басып, өркениетке жете алады. Өркениетке ұмтылыстың нәтижесі биыл елімізде ЭКСПО-2017 мамандандырылған халықаралық көрме өз есігін айқара ашты.

Қысқасы, Қазақстандағы саясат пен экономикадағы нәтижелер қазақстандық қоғамдағы тұрақтылықтың, ұлтаралық келісімнің және төзімділіктің жемісі. Бұл ретте, 130 ұлт өкілін біріктіріп және қазақстандық қоғамның бейбіт дамуына ықпал етіп отырған Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі зор. Сол бейбіт күн астында өмір сүріп жатқан көп ұлттың бірі Әзербайжан халқы. Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың таяуда ғана жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында айтылғандай, Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы байланыс, «Туған жер» туралы толғамдар кәсіби тарихшылар мен гуманитарлық сала мамандарының зор рухани сілкінісін туғызып отырғаны анық. ❁